

ҚР ҰБ пен ИПБ басқаруындағы инвестициялық портфельге 2026 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша шолу

*enpf.kz сайтында зейнетақы активтерін ҚР ҰБ пен ИПБ басқаруы туралы
2026 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша есебі ұсынылған*

"БЖЗК" АҚ (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) enpf.kz сайтындағы "Статистика және аналитика – Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару" бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (бұдан әрі - ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды.

2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ҚРҰБ пен ИПБ-лардың басқаруындағы **зейнетақы активтерінің жалпы көлемі – 26 337,27 млрд теңге**. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған, ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері **25 435,96 млрд теңге¹** болды. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі – **806,69 млрд теңге**.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **94,62 млрд теңге**.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

Ұлттық Банк БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанады: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының сан-алуан түрлеріне инвестициялайды.

2026 жылғы 1 ақпанда **МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін** инвестициялаудың негізгі бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 42,92%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 9,36%, ҚРҰБ депозиттері – 2,53%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары – 2,48%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 2,38%, шет мемлекеттердің МБҚ – 2,09%, МҚҰ - 1,23%.

2026 жылғы 1 ақпандағы МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель мынадай: ұлттық валютадағы инвестициялар – 59,33%, АҚШ долларымен – 40,66%.

Алынған кірістің құрылымын талдаудан бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша 179,5 млрд теңге. Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер – 105,48 млрд теңге, өзге кірістер – 0,14 млрд теңге. Сыртқы басқарудағы бағалы қағаздарды, шетел валютасын, активтерді нарықтық қайта бағалау, оның ішінде бағамдық қайта бағалауды ескерсек, теріс болып қалыптасты.

2025 жылғы ақпаннан 2026 жылғы қаңтарға дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кірістің мөлшері шамамен 2,28 трлн теңгені, осы кезеңдегі кірістілік 9,74% құрады.

¹ зейнетақы жарналары мен төлемдер шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

2026 жылғы 1 ақпандағы ЖМЗЖ инвестициялау бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 87,90%, РЕПО операциялары – 6,23%, ҚРҰБ депозиттері – 5,85%, инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат - 0,01%.

ЖМЗЖ есебінен инвестициялық портфель тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарынан тұрады. Бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түріндегі кіріс – 9,42 млрд теңге. Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау теріс болды.

2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЖМЗЖ-ның соңғы 12 айдағы кірістілігі 10,36% құрады.

Зейнетақы жинақтары - ұзақ мерзімді инвестициялар. Сондықтан, инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде бір жыл ішінде талдаған жөн. Жекелеген кезеңдерде шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығына, қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне, сондай-ақ инфляцияның ықпалына байланысты кірістіліктің төмендеуі байқалуы мүмкін. Кейбір құралдар бойынша алынған кіріс басқа құралдар бойынша уақытша шығындарды жабатын инвестициялық портфельді әртараптандыру зейнетақы жинақтарының ұзақ мерзімді келешекте сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді. Соңғы 3 жылдағы инвестициялық кіріс тұрақты түрде өсіп, зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция деңгейінен асып түсті.

ҚРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің [егжей-тегжейлі құрылымы](#) және инвестициялық қызметке шолу БЖЗК-ның ресми сайтында берілген. Сондай-ақ, enpf.kz сайтында ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша [портфель құрылымы](#) туралы ақпарат орналастырылды.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі **94,62 млрд теңгеден** асады.

01.02.2026ж. жағдай бойынша "*Alatau City Invest*" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – **15,71 млрд теңге**.

Компанияның негізгі инвестициялары: Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 25,22%, ҚР ҚМ МБҚ – 14,01%, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің (ЕДБ) облигациялары – 13,41%, РЕПО – 11,37%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 10,17%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 10,00%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 5,34%, МҚҰ – 4,72%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 3,51%, шет мемлекеттердің МБҚ – 2,12%. Атап кетейік, портфельдің 68,35% теңгемен, 30,52% - АҚШ долларымен, 1,13% - басқа валюталарда ұсынылған.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы ақпаннан 2026 жылғы қаңтарға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 12,35%.

"Alatau City Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.02.2026ж. жағдай бойынша "*Halyk Global Markets*" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **8,19 млрд теңге** болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар: шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 25,58%, кері РЕПО (күнтізбелік 90 күннен аспайтын) – 16,43%, ҚР ЕДБ облигациялары – 14,51%, ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 12,83%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 10,24%, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолхаттар – 4,05%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары – 4,05%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 65,68%, АҚШ долларымен 34,32% тең.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы ақпаннан 2026 жылғы қаңтарға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 10,41%.

"Nalyk Global Markets" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.02.2026ж. жағдай бойынша **"BCC Invest" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері - шамамен **11,71 млрд теңге**.

Инвестициялардың негізгі бағыттары: ҚР ЕДБ облигациялары – 23,39%, ҚР ҚМ МБҚ – 17,73%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 15,23%, РЕПО – 12,93%, ҚР резидент-эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 10,86%, шет мемлекеттердің МБҚ – 8,46%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 7,50%,.

Ұлттық валютадағы инвестициялар – портфельдің 67,76%, АҚШ долларымен 32,24%.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы ақпаннан 2026 жылғы қаңтарға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 10,17%.

"BCC Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.02.2026ж. жағдай бойынша **"Сентрас Секьюритиз" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері шамамен **5,26 млрд теңге**.

ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларына – 21,61%, ҚР ЕДБ облигациялары – 19,04%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 14,24%, ҚР ҚМ МБҚ-ға 9,93%, АҚШ мемлекеттік облигацияларына – 9,62%, РЕПО – 7,34%, ҚР резиденттері-эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 4,29%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 2,25% инвестицияланды.

Ұлттық валютада портфельдің 68,31%, АҚШ долларында – 31,69% инвестицияланды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы ақпаннан 2026 жылғы қаңтарға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 16,72%.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.02.2026ж. жағдай бойынша **"Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Nalyk Finance" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **53,75 млрд теңге** болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялардың сипаты мынадай: кері РЕПО (90 күнтізбелік күннен көп емес) – 21,83%, ҚР ҚМ МБҚ – 15,53%, ҚР ЕДБ облигациялары – 15,18%, МҚҰ – 11,92%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 7,28%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 6,50%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 5,50%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 5,16%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 2,71%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 64,11%, АҚШ долларында – 35,89% инвестицияланды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы ақпаннан 2026 жылғы қаңтарға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 8,96%.

"Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Nalyk Finance" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 50%-дан аспайтын бөлігін ең төменгі жеткіліктілік шегін есепке алмастан бере алады. Ал ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшыларға оны ИПБ-ға 100% көлемінде беруге болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ИПБ қызметін Кі композиттік индекстері негізінде бағалау жүйесі енгізілді. Композиттік индекс – бұл жаһандық экономикалық тенденцияларды, сондай-ақ капитал нарығындағы жағдайларды ескере отырып, ИПБ жұмысының нәтижелерін объективті бағалауды қамтамасыз ететін ұлттық және әлемдік қор нарықтарының индекстерін қамтитын бенчмарк түрі. 2026 жылдан бастап ИПБ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті тәуекел деңгейі, кірістілігі және инвестициялау мерзімдері бойынша ерекшеленетін үш инвестициялық портфельдің бірін таңдауды көздейтін жаңа тәсіл негізінде жүзеге асырады. Егер зейнетақы активтерінің кірістілігі белгіленген ең төменгі деңгейден (композиттік бенчмарктан) төмен болған жағдайда, ИПБ теріс айырма сомасын меншікті капитал есебінен өтеуге тиіс. Осылайша, жеке басқарушылар жинақтардың сақталуын меншікті капиталмен қамтамасыз етуге жауапты. Айта кету керек, зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға беру мүмкіндігі пайда болған 2021 жылдан бастап барлық басқарушы компаниялар белгіленген нормативтерді сақтады, осыған байланысты белгіленген айырмашылықты өтеу қажеттілігі туындаған жоқ.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).